

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті
Қазақстан тарихы және әлеуметтік- саяси пәндер кафедрасы

Тақырыбы: Зар заман ақындарының философиясы

Орындаған: Айтен С.М.

Тексерген: Мейрамова Н.А.

Қарағанды 2018 ж




Жоспар:

- Зар заман философиясы
- Дулат Бабатайұлы
- Шортанбай Қанайұлы
- Мұрат Мөңкеұлы

Зар заман философиясы

- Қазақстанның Ресей құрамына өтуі нәтижесінде зар заман кезеңі басталды.
- Қазақ жеріне қол салған патша үкіметі халықты жарылқау үшін келмегенді. Жерінен айрылған халық әдеп – ғұрып пен қазақы мінезінен де айрыла бастады. Патша үкіметі енгізген жаңа әкімшілік шаралар қазақ болмысына тән еместі. Ұрлық, өсек, талас – тартыс, алауыздық, арызқойлық – қазақ қоғамының осы кезеңдегі жемісі болды.
- Осы кезде өмір сүрген қазақ ақын - жырауларының бір тобы қоғамда болып жатқан келеңсіз құбылыстарды аяусыз сынға алды.
- Олар Қазақстанның Ресейге қосылуымен капиталистік көзқарастардың енуін кері кеткендік деп есептеді. Өткен өмірді ансады, болашақ туралы өз болжамдары мен пікірлерін білдірді.

- 
- Тарих ғылымының докторы М.Қойгелдиев отаршылдық бұғауына мықтылап байлаған халықтың мың –мұқтажы мен қайғы - қасыретін жырлаушыларды « Зар -заман » мектебінің ойшылдары деп атады. (1,246 б.). Бұл термин алғаш 1927 жылы енгізілген еді.
 - Зар - заман кезеңінде ғұмыр кешкен орталық езгіге түскен қазақ халқының тағдырын мұң – зармен жырлаған ақындар шоғыры. Оның белгілі өкілдері : Дулат Бабатайұлы , Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбу бәкір Кердері, Аубан Асан т.б.




□ Қазақ даласындағы дәстүрлі хандық басқару жүйесін жою саясатын орнықтырған Ресей империясының 1822 — 1824 жылдары шығарған Қазақ даласын басқару жөніндегі ережелеріне қарсылық Дулат шығармаларының тақырыптық, стильдік, жанрлық ерекшелігін айқындады. Дулаттың уытты, шыншыл сөздерінің кімдерге арналғанын оның:

“Халыққа емес сыйымды,

Парақор баспақ биіңді,

Ел бүлдіргіш бегіңді,

Улы тілмен улаттым”, — деген өлең жолдары көрсетіп тұр



«Сауыр жерден айрылып,
Қазақ елі жұқарды.
Сауыр емес, шап болды...
Заманға сай адамы -
Қу заманға сұм басшы
Сорымызға тап болды...»

-деп патша үкіметінің отарлау саясатын, билік басшыларының әділетсіздігін айтады.

«Жыршының аты жыршы ма,
Әркімнен өлең жаттаса.
Сөз - жібек жіп, жыр - кесте,
Айшығы айқын көрінбес,
Өрнексіз қылып баттаса...»- деп ақындықтың өзіндік ерекшеліктерін сынға алады.



- Ақынның философиялық толғауларының бірі «Зар заман» деп аталады.
- Шортанбай ақын үлкен адамгершілік мәселесін де жоғары бағалап, оның осындай қиын жағдайларға түскеніне қорғаныстан өзіміздің тұрмыс салтымыздағы төл ерекшеліктерімізді сақтап қалуға, оны бұзбауға әрекет жасайды.
- Шортанбай ақын қоғамдық санада болып жатқан өзгерістерді, қазақ даласына енген жаңалықтарды қазақ қауымының жаңа тұрмыс - салтына ұмтылуын өз көзімен көрді, олардың куәсі болды. Ол өмірдің осы жағын жырлай отырып, қазақ халқының болашақ мақсат мүддесін қорғады.

Мынау ақыр заманда,
Алуан-алуан жан шықты.

Арам, араз хан шықты,
Қайырымы жоқ бай шықты.

Сауып ішер сүті жоқ,
Мініп көрер күші жоқ,

Ақша деген мал шықты.

Кедей қайтіп күн көрер? -

Сол себепті қорқамын! - деп, заманның түнеріп келе жатқан қара бұлтын ашық көрсетеді.

Ш.Қанайұлы қазақтың бойындағы адами қасиеттердің айни бастағанын, ұлттық тұрпаты мен елдік сипатының бұзылғанын былай деп көрсетеді:

Заман ақыр кезінде -

Ұл сыйламас атасын.


Қыз сыйламас енесін,

Ер жеттім деп егесіп,

Салыстырар денесін, - деп, қазақтың қанында жоқ жат қылықтардың өріс алып келе жатқанын ашына жырлап, ескертеді, кимелеп келе жатқан кесапаттың кері кеткен кейпіне ашынады.



- Зар заман ақындарының ең беделді өкілдерінің бірі Мұрат Мөңкеұлы болып табылады. «Қоныстың бәрін жоғалтқан ноғайлы, қазақ надан жұрт, бірлігінің келгісі», - деп ол тығырықтан шығар жолды білімнен іздейді. Мұрат өз заманын адамгершілік жағынан озған, отбасы қатынастарының бұзылған заманы дейді. Ол заманның бұзылуының, қайғы қасіреттің үйірілуінің себептерін іздеп, өз заманының күйіне пайымдаулар жасайды.
- Дегенмен, қазақ халқы Мұраттай біртуар азаматтарының арқасында осындай қиын жағдайға қарамастан өзінің рухани мәдениетін, оның төл ерекшеліктерін сақтап қала алады. Ата қоныс мекенін, жер, суын, тұтастығын аман сақтап, кейінгі ұрпаққа қалдыра білді.



“Үш қиян” өлеңінде:

Мен қауіп еткеннен айтамын:

Ақ борықтай иілген,

Кейінгі туған баланың

Ұстай ма деп білегін,

Шая ма деп жүрегін,

Шапсын, мұртын қойдырып,

Ащы суға тойдырып,

Бұза ма деп реңін.

Адыра қалғыр заманның

Мен жаратпаймын сүреңін!.. -деп қазақтың болмысының өзгертуге ықпал жасайтындығын, осындай қауіптерден сақтану керектігін пайымдайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- « Қазақстан » ұлттық энциклопедиясы, 4 том , Алматы 2005ж
- « Қазақ энциклопедиясының » Бас редакциясы, Алматы 2005ж.
- Омарұлы Б, Мұрат Мөңкеұлы Алматы 2005 ж
- Мәдібай Қ. Зар заман ағымы. Алматы 2005 ж

Назарларыңызға рахмет!!!

